

## Токмұхамед Сәлменұлы САДЫҚОВ

Белгілі тарихшы-ғалым және қазақ педагогы. 1938 жылы Алтай өлкесі Парфенов ауданының «Верхняя речка» ауылында (Ресей) дүниеге келген. 1964 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ді (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын Алматы құрылыс техникумының оқытушысы болып бастаған. Аспирантурадан кейін 1973 жылы ҚазМУ - да кандидаттық диссертация, 1983 жылы Тарих ғылымдары бойынша докторлық диссертация қорғады. 1989 жылы КСРО Жоғары аттестаттау комиссиясында диссертация бекітілгеннен кейін КСРО педагогикалық ғылым академиясының академигі, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, кейін оның академигі болып сайланды. 1987-2008 жылдары-Абай атындағы ҚазПИ тұрақты ректоры. Мемлекет тарапынан жоғары құрметке ие болған Абай атындағы ҚазҰПУ 2007 жылы «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» ҚР Президентінің 2007 жылғы «Алтын сапа» сыйлығын алды. Сол жылы университет «Еуропалық сапа» және «біріккен Еуропа» (Ұлыбритания) сыйлықтарын алды. 2007 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ университеттің халықаралық деңгейдегі жетістіктерін растайтын Университеттердің Ұлы Хартиясына (Болонья қ., Италия) қол қойды. Т.С. Садықов үшін оның кәсіби қызметінің басты ұстанымы қазақстандық жоғары мектептің педагогикалық және ғылыми әлеуетін сақтау және дамыту болды. Ол білім жайлы айтқанда, оны болашақтың негізі деп есептеді. Т.С. Садықов білім беру процесінде студент жастарға тәрбие беру жұмысының мәселелерін басты басымдықтардың бірі ретінде көрді. Тәуелсіз Қазақстанның «Білім туралы» және «Жоғары білім туралы» жаңа заңдарын жасауға тікелей қатыса отырып, республикада білім берудің теориялық негіздерін әзірлеуге елеулі үлес қосты. Ол жоғары педагогикалық білім және үздіксіз білім беру тұжырымдамаларының авторы. Көптеген жылдар бойы министрлік алқасының мүшесі, ректорлар кеңесінің төрағасы болды. Токмұхамед Сәлменұлының ұйымдастырушы, әлемдік аты бар ғалым, педагог және қоғамдық-саяси қайраткер ретіндегі жан-жақты таланты Қазақстанда да, одан тысқары жерлерде құрметке ие болды. Т.С. Садықов – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Жоғары мектептің Халықаралық Ғылым Академиясының және Ресей білім академиясының толық мүшесі, тоғыздан астам шетелдік университеттердің (Дунай университеті, Бокони университеті, Эразмус университеті, Пекин, Сеул, Яннам, Сувон (Корея), Стамбул (Түркия), Кентукки (АҚШ) университеттері және т.б.) құрметті профессоры болды. 2005 жылғы 26 қазанда Т.С. Садықов Қазақстан атынан ТМД елдерінің «Данышпандар тобының» мүшесі болып тағайындалды. Ол бірнеше рет Халықтық білім беру мәселелері жөніндегі жалпы одақтық, республикалық съездердің, сала қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңестерінің делегаты болып сайланды. 1986-1987 жылдары – ҚазКСР Жоғары білім министрінің орынбасары қызметін атқарды. Осы кезеңде ол отандық ғылым мен қоғамды одан әрі дамыту, педагог кадрларды даярлау бағытында ғалым-практик ретінде көп жұмыс жасады. 20 жыл бойы Қазақстан ЖОО ректорлар кеңесінің төрағасы болды. Т.С. Садықов ғылыми және педагогикалық

қызметімен қатар ҚР ірі қоғамдық-саяси қайраткері болды. Ел тәуелсіздік алған сәттен бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін өз Отанының жалынды патриоты болды, ел Парламентінің сессияларында, ҚР БҒМ кеңейтілген алқалары мен кеңестерінде бірнеше рет сөз сөйледі. 1999 жылы ҚР Парламенті Мәжілісіне және 2007 жылы Алматы қаласының мәслихатына сайлауда Алматы қалалық сайлауалды штабын бірнеше рет басқарды. 2008 жылдың мамыр айында Т.С. Садықов «Нұр Отан» партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметіне сайланып, оның қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Оның келуімен филиалда идеологиялық және ұйымдастырушылық-партиялық жұмыс күшейтілді, қалалық партия ұйымының қызметін жетілдіру бойынша шаралар қолданылды. Оның бастамасымен әлеуметтік жанжалдарды қарау және шешу жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылды, кеңес қысқа уақыт ішінде оның басшылығымен халықтың проблемалары мен қажеттіліктеріне жауап берудің тиімді тетігі бола алды.

Отан алдындағы зор еңбегі үшін Т. Садықов жоғары мемлекеттік наградалармен, атап айтқанда «Парасат», «II дәрежелі Барыс» орденімен, ҚР медальдарымен және құрмет белгілерімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің, КСРО Жоғары білім Министрлігінің құрмет грамоталарымен, сондай - ақ 2007 жылы британдық орденмен және Гете медалімен марапатталды. Бұл халықаралық марапаттар оған білім, ғылым және қоғамдық қызметтегі жоғары жетістіктері үшін берілді. Ол «XXI ғасырдағы гуманистік құндылықтардың жаңа парадигмасындағы ҚР Білім беру жүйесін дамытудың ғылыми негіздері» атты іргелі зерттеулер бағдарламасының ғылыми жетекшісі болды. Бұл бағдарлама қазірдің өзінде табысты жұмыс істеуде, оның негізінде елдің жоғары кәсіптік білімін реформалау стратегиясының ғылыми негіздері әзірленді. Оның басшылығымен Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіруінің интеграциялық және инновациялық тетіктерінің тұтас кешені айқындалды. Екі іргелі мемлекеттік Тұжырымдаманың - үздіксіз білім беру мен жоғары білім берудің жобалары әзірленді. Т.С. Садықов ғылым бойынша жыл сайынғы іргелі ұлттық баяндаманың «Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамытудың негізгі тенденциялары» бөлімінің, сондай-ақ ғылыми құндылығы мен мемлекеттік маңызы бар басқа да көптеген жобалардың жетекшісі болды.